

БИЫЛ НАУРЫЗ АЙЫНАН БАСТАП ҚҰРЫҚ ПОРТЫНДА ЖҮК ТАСЫМАЛЫ ӨСІП, БЫЛТЫРҒЫМЕН САЛЫСТЫРҒАНДА ЕКІ-ҮШ ЕСЕГЕ ДЕЙІН АРТТЫ. ПОРТ ӘКІМШІЛІГІ ЖЫЛ СОҒЫНА ДЕЙІН ОСЫ КӨРСЕТКІШТІ 2 МЛН ТОННАҒА ЖЕТКІЗУДІ ЖОСПАРЛАП ОТЫР.



Серік АХМЕТОВ,
«Құрық порты» ЖШС бас директоры



№42 (2757)
07/06/2022

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

В ИНТЕРЕСАХ ОБЩЕСТВА И ГОСУДАРСТВА

На участке №110 в здании АО «НК «Қазақстан темір жолы» отмечена высокая явка избирателей. Железнодорожники проявили активность в желании выразить свою позицию по поправкам в Конституцию.

Асель ШАЙХЫНОВА
Нур-Султан

Одними из первых, отдавших свой голос здесь, стали председатель Мажилиса Парламента РК Ерлан Кошанов, председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Нурлан Сауранбаев и руководитель аппарата национальной железнодорожной компании Серик Кеулимажаев. Работники магистрали отчетливо понимают значимость данного политического события для граждан страны. С самого раннего утра по всей стране они посетили избирательные участки вместе со своими семьями.

– Конституция – основной документ страны. Она определяет общественное и государственное устройство,

влияет на жизнь каждого человека. Именно Конституция закрепляет систему его прав и обязанностей, гарантий их реализации. Считаю очень важным, что в новой редакции Основного закона усилена роль Парламента и маслихатов, – сказал



главный менеджер департамента социальной политики АО «НК «ҚТЖ» Замир Сериков.



Работники магистрали всегда отличались активной жизненной и гражданской позицией. Они подчеркивают, что право на участие в референдуме предоставляет гражданам возможность непосредственного участия в решении вопросов общественной и государственной жизни, позволяет

оказывать влияние на политическую линию развития общества и государства. Ведь право граждан Республики Казахстан на участие в референдуме является выражением фундаментальных конституционных ценностей, на которых базируются основы демократической организации нашего государства.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ЕЛ ІШІНЕ ЖҮК ТИЕУ АРТТЫ

Үстіміздегі жылдың бес айында «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісі бойынша 106 млн тонна жүк тиелді. Соның 70 млн тоннасы республика ішіне тиеліп, өткен жылымен салыстырғанда көрсеткіш 4% ұлғайса, сырт елдерге 36,5 млн тонна жүк жөнелтілген.



Осы ретте, тас көмірді тасымалдауда оң динамика байқалып отыр. Мәселен, 5 айда 46,1 млн тонна көмір тасымалданып, бұл өткен жылдың деңгейінен 5%-ға жоғары болып отыр. Оның 31,7 млн тоннасы ел ішіне таратылса, қалған 14,4 миллионы экспортталып, өсім 21%-ды құраған. Астық тасымалдау көлемі 3,9 млн тонна деңгейінде. Экспорт 5%-ға немесе 3,1 млн тоннаға дейін ұлғайған.

Осы жылдың бес айында химиялық тыңайтқыштар тасымалы 9%-ға (шамамен 1,7 млн тонна), мұнай жүктері 5%-ға (7,4 млн тоннаға дейін) өскен. Темір және марганец кендерін тиеу 9,3 млн тоннаны, түсті кенді тиеу – 9,1 млн тоннаны, құрылыс жүктерін тиеу 5,2 млн тоннаны құраған.

Ислам ТАЛІПАТ

Күрделі жөндеу

ҚЫЗЫЛОРДА-ҚАРАӨЗЕК АРАСЫНДА ҚЫЗУ ЖҰМЫС

Биыл Қызылорда өңірі бойынша 70 км астам жол күрделі жөндеуден өтіп, жаңа келбетке ие болмақ. Жөндеудің бұл түрі Сауран-Бесарық-Талап станциялары аралығында сәуір айында бастау алған еді. Жол салуда тәжірибелі маман Дәурен Сұлтамұратов басқаратын «Integra Construction KZ» мекемесінің филиалы «Батыс» дирекциясының жұмысшылары аталған станциялар аралығына бұған дейін су жаңа отандық өнім Р-65 маркалы рельс бунақтарын 25,656 шақырымға төсеп шыққан болатын. Қазір күрделі жөндеу жұмысы Қызылорда-Қараөзек телімінде 20,521 шақырым жол бойында жүріп жатыр.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Біз барғанда 12 сағатқа белгіленген күрделі жөндеу жұмысына теміржолшылар құрал-саймандарын және техникаларын қамдап, сақдай-сай тұр. Жол жұмыстарын жүргізетін ауыр техникалар мен салмақты тракторлар жұмысқа жегілуді күтіп, жол жиегіне тоғытылған. Толаскес басталғанша, екі-үш пойыз телімінен кідіріссіз өткізді. Бұл уақытта Дәурен Сұлтамұратов толаскес кезінде қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауды ескертіп, арнайы киімдерді киюді талап етіп, техникалық инструктажын өткізіп үлгерді. Күрделі жөндеу жұмыстарын басқару филиалдың жол машиналары станциясының директоры Әмірхан Жолдасбайға жүктелген.

– Толаскес уақыты берілгенше барлығымыз жұдырықтай жұмылып дайындық жұмысын жасаймыз. Қызылорда-Қараөзек теліміндегі күрделі жөндеуден өтетін 20,521 шақырымның бүгін 1500 метрлік аумағы жанадан салынатын болады. Жолды күрделі жөндеуден өткізуге МПД, ПЛ, УК, ЭЛБ, ВПО, Дуомат секілді ауыр жол техникалары, қыршық тас

таситын және рельс-шпалды торкөзді таситын жылжымалы құрамдар, бульдозер, автогрейдер, автокөлік, яғни барлық техника, жеке құрам дайын. Алдымен 25 метрлік рельс бунақтары төселуде. Одан кейін қыршық тас төселіп, арнайы жол машиналарының көмегімен салынған жол технологиялық талапқа сай бабына келтіріліп, учаскелік жылдамдық бекітіледі, – деп ақпарат берді жол жұмыстарын бақылауға алған Қызылорда жол дистанциясы бастығының орынбасары Абдулла Досымов.

«Толаскес» уақыты таяған сәтте қолдарына жалауша ұстаған мамандар белгі беріп, жөндеу жұмыстарының басталғанын радиямен хабарлап жатты. Белгі берілісімен жол жиегіндегі ауыр тракторлар орындарынан ыңыра қозғалып, жол үстіне шықты, олар жанадан салынатын жол төсемдерін сүрлеп, тегістеуге кірісті. Топ-топка бөлінген жолшылардың бір тобы УК-25/18 көтергіш-төсегіш кранымен ескі жолдың рельс бунақтарын жинап жатты. Ал екінші топ УК-25/18 рельс төсегіш кранын белгіленген жерге дейін жақындатып, жаңа



рельстерді төсегуге әзір тұрса, ауыр тракторлар ескі рельстер алынған жолдың төсемін 35-40 сантиметрге дейін тігілеп, жол жиегіне итеріп тазалай бастады, бұдан кейін жұмыс процесіне грейдерлер араласты, олар сүрілген жолдың табанын таптап, тегістей бастады. Сырт қарағанда әрбір топтың басы-қасында бір басшы қолындағы жалауша мен радия арқылы хабарласып, жұмыстарын бейнебір конвейерге қосылған механизм секілді тоқтаусыз жүргізіп жатты. Сүт пісірім уақытта рельсті төсейтін жол төсемі дайын болды. Осы сәтті күткен УК-25/18 төсегіш краны темірбетонға

бекітілген алғашқы 25 метрлік рельс бунағын төсегуге қамдана бастады. Қолына жолдың ара қашықтығын (310 см) өлшеуге арналған шаблондық-құралын ұстаған жолшы, әріректе жатқан қолданыстағы жолмен жаңартылып жатқан екінші жолдың арақашықтығын өлшеп, рельстің қай жерге төселетінін рельсті көтерген кран жүргізушісіне мензеп тұрды. Жолшылардың бұйдағатты, кәсіби шеберлігінің арқасында алғашқы рельс дитеген жеріне топ етіп түсіп, сәтті орналасты. Біз күрделі жөндеу жұмысын ұйымдастыру шеберлігіне тәнті болып қайттық.

Суретті түсірген автор



Еркін ТИРКУЛОВ,
начальник отдела АСУ Костанайского филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция автоматизации и цифровизации»:

АВТОМАТИЗАЦИЯ СТАНЦИЙ НА УЧАСТКЕ ТОБОЛ – АЙТЕКЕ БИ И ДОСТУП К АВТОМАТИЗИРОВАННЫМ И ИНФОРМАЦИОННЫМ СИСТЕМАМ АО «НК «ҚТЖ» ОБЕСПЕЧАТ ПОВЫШЕНИЕ ПРОИЗВОДИТЕЛЬНОСТИ ТРУДА И КАЧЕСТВО ВЫПОЛНЯЕМОЙ РАБОТЫ!

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

2022-2024 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ҚР ТЕМІР ЖОЛЫНДА МҮЛІКТІ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН САҚТАЛУ ДЕҢГЕЙІН АРТТЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ЖОЛ КАРТАСЫ АЯСЫНДА

158

ЛОКОМОТИВ БЕЙНЕБАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІМЕН ҚАМТЫЛДЫ

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ БОЙЫНША БИЫЛ БЕС АЙДА

40 км

ЖОЛҒА МАЛ ӨТУІН ШЕКТЕЙТІН ҚОРШАУ ОРНАТЫЛДЫ

ҚҰРЫҚ ПОРТЫНДА СӘУІР АЙЫНДА ЖҮКТЕРДІ АУЫСТЫРЫП ТИЕУДЕН РЕКОРДТЫҚ КӨРСЕТКІШ ТІРКЕЛІП,

231 МЫҢ ТОННАҒА ЖЕТКЕН.

ТМТМ: ПРОГНОЗИРУЕМЫЙ РОСТ



В 2022 году грузооборот на Транскаспийском международном транспортном маршруте (ТМТМ) может вырасти в 15 раз и достичь 10,5 миллиона тонн грузов.

Такие цифры озвучил генеральный директор Союза транспортников Казахстана KAZLOGISTICS Ерлан Абсатов в интервью порталу Kazakh24.info.

В прошлом году грузооборот по ТМТМ составил 700 тысяч тонн. Этот объем был превышен уже по итогам первого квартала 2022-го – 733 тысячи тонн, или свыше пяти тысяч вагонов и десяти тысяч контейнеров ДФЭ. По прогнозным данным ҚТЖ, объемы перевозок вырастут в шесть раз – до 3,2 миллиона

тонн. Ожидается двукратный рост к уровню прошлого года и контейнерных перевозок – до 50 тысяч ДФЭ.

– Если ситуацию сравнить по железнодородному транспорту, то у нас проходит 25 тысяч контейнеров. Если мы говорим о морских перевозках грузов, то в связи с тем, что в этом году в Казахстане введены ограничения по вывозу зерна, в порту Актау за четыре месяца текущего года наблюдается незначительное снижение в сравнении с

аналогичным периодом прошлого года – с 1 512 тысяч до 1 489 тысяч тонн, – отметил Ерлан Абсатов.

В целом же по обоим морским портам Казахстана (Актау и Курык) в первом квартале объем перевалки увеличился на 11% в сравнении с аналогичным периодом 2021 года. Так, в порту Курык за счет увеличения грузов, идущих по маршруту ТМТМ, объем перевалки вырос на 90% – до 491 тысячи тонн в 2022 году.

Смена логистических маршрутов произошла из-за обострившейся геополитической ситуации и введения санкций в отношении России. Речь идет в первую очередь о так называемой континентальной логистике. Грузы, которые ранее отправляли, используя инфраструктуру российских портов (руда, уголь, металл и прочее), теперь переориентируются на ТМТМ.

– Хочу отметить, что по отношению к казахстанским компаниям нет никаких ограничений со стороны Евросоюза. Наши компании сейчас осуществляют все перевозки как в направлении Европы, так и других стран. В том числе используем наш традиционный маршрут Россия – Беларусь. Одновременно отправляем наши грузы по ТМТМ, – сказал Ерлан Абсатов.

Любовь РОББА

ПЛАТФОРМА ДЛЯ ОБМЕНА ОПЫТОМ

В рамках инициативы «Один пояс – Один путь» между Академией логистики и транспорта, Huayu International и Nanjing Vocational Institute of Railway Technology открыт Казахстанско-Китайский институт профессионального образования, науки и технологий имени Чжен Хэ (ККИПОТ).

Основной целью создания ККИПОТ, которое совпало с 30-летием установления дипломатических отношений между Казахстаном и КНР, является реализация двухдипломных образовательных программ по подготовке высококвалифицированных кадров для транспортно-логистической отрасли стран Ближнего Востока и СНГ. Планируется взаимный обмен обучающимися и преподавателями в рамках академической мобильности, реализация совместных исследовательских проектов и т.д.

В церемонии открытия института приняли участие представители образования, науки и бизнес-индустрии Казахстана, Кыргызстана и Китая, а также профессорско-преподавательский состав Академии транспорта и логистики и NVIRT.

С приветственными словами выступили секретарь парткома Нанкинского железнодорожного профессионально-технического института Цянь Цзякуй, консул по науке и технике посольства Китая в Казахстане Чжан Вэй, президент ассоциации «Партнерство по транспорту и логистике в Центральной Азии» Берик Булекбаев и другие.

– Создание ККИПОТ будет способствовать развитию казахстанско-китайской культуры и дружбы, созданию возможности для тесного взаимодействия между странами, участию наших обучающихся в инициативе «Один пояс – Один путь», обеспечивать академическую и практическую платформу для сотрудничества и подготовки востребованных на рынке труда специалистов, – отметил Чжан Вэй.

В ходе встречи подписано Соглашение о сотрудничестве и назначена команда квалифицированных преподавателей ККИПОТ.

Роман ЛЮБИМОВ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САММИТКЕ ҚАТЫСТЫ

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан



ЛОГИСТИКА

«KTZ Express» АҚ өкілдері «Kazanь Экспо» халықаралық көрме орталығында өткен «Ресей – Ислам әлемі: KazanSummit 2022» ХІІІ Халықаралық экономикалық саммитіне қатысты.

Дәстүрлі саммитке биыл әлемнің 72 елінен және Ресейдің 38 өңірінен 5000-ға жуық адам қатысты. Іскерлік бағдарламаның негізгі тақырыбы бірлесіп пайдалану экономикасы деп аталды. Іс-шара барысында «Солтүстік-Оңтүстік» клубы отырысы кезінде «KTZ Express» АҚ бас директорының орынбасары Бақыт Успаев қатысушыларға Қазақстанның логистикалық әлеуетін, еліміздің аумағы арқылы өтетін бағдарлардың артықшылығы туралы айтып берді. Ол сондай-ақ аталған компания Қазақстан арқылы өтетін бағдарлар бойынша клиенттерді өзара іс-қимыл және кешенді сервиспен қамтамасыз ете отырып, жүк ағынын қабылдау және қызмет көрсету үшін барлық жағдай жасалатынын жеткізді. Халықаралық шара барысында қатысушы елдер «Солтүстік-Оңтүстік» көлік дәлізінің Үлкен Еуразия экспорттық логистикасы мен экономикасын дамытудағы интеграциялық ролі, Ресей азық-түлік өнімдерін Қазақстан, Өзбекстан, Иран, Таяу Шығыс және Қытай елдеріне жеткізу бойынша сервис және басқа да бірлескен жобалардың жүзеге асыру барысы туралы сөз болды.

РЕВИЗОРЛАР НЕГЕ АЛАҢДАУЛЫ?

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



ҚАУІПСІЗДІК

Теміржол көлігінде тасымалды қамтамасыз етуші мекемелер үшін ең маңызды көрсеткіш – қозғалыс қауіпсіздігі. Жүк және жолаушы тасымалын жүзеге асыратын салада қауіпсіздіктің сақталмауына не кедергі? Өңірдегі қауіпсіздік ревизорларының жұмысына көз жүгіртсек...



Маңғыстау теміржолында бұл салада аймақтық бас ревизор мен бес салалық ревизор және бір жетекші инженер қызмет етеді. Түбек теміржолындағы қауіпсіздіктің сақталуы мен қамтамасыз етілуі осы мамандардың тікелей назарында. Соңғы кездері өңірде болып жатқан табиғи жағдайлардың салдарынан теміржолға төнетін қауіп көбейген. Теміржолды құм басудан бөлек, жақында жауған нөсер жауынның да зардабы болмай қалған жоқ, соңғы жылдағы қуаңшылық кесірінен төрт түлік малдың талғажау іздеп теміржолды жағалауы да қозғалыс қауіпсіздігіне кері әсерін тигізіп отыр. Жыл басынан мамыр айына дейінгі көрсеткіш бойынша жолға шыққан мал үшін машинистер 16 шұғыл тежеу беріп, 12 жағдайда мал басылған. Ал өткен жылы бес айда 67 рет мал басу оқиғасы тіркелген екен...

Өткен жылы жағдайдан соң ревизорлар бірқатар шұғыл шаралар қабылдап, оқыс тежеулердің саны жүзден асып кетуіне орай дабыл қаққан. Жергілікті әкімдіктермен, мекемелермен бірлесіп түрлі кездесулер өткізіп, халық арасында түсінік жұмыстарын күшейткен. Нәтижесінде биыл келеңсіз оқиғалар саны әлдеқайда азайған.

– Теміржолды құм басып қалу да аймақтағы басты проблеманың бірі. Ал кешегі мамыр айының басында жауған нөсер бұл мәселені тіпті ушықтырып жіберді. Жауын суынан белгі беру-байланыс жүйесінің жұмысы зақымданып, жолдардың жалған бос болмауы көбейіп кетті. Ол өз кезегінде жолаушылар тасымалы мен жүк тасымалы кестесінің бұзылуына, пойыздардың тоқтап қалуына әкеліп соқты, – дейді РБ-14 жетекші инженері Нұрсұлтан Аяпов.

Қауіпсіздік ревизорлары көктемгі және күзгі байқаулардан бөлек ай сайын өздеріне бекітілген телімдерге шығып, қауіпсіздіктің сақталуын қадағалайды. Мекемелерді аралап, қауіпсіздік жағдайын тексереді. Айына әр ревизор жобамен бірнеше нысанды қамтыған төрт-бес акт тіркейді. Теміржолшылардың білімін тексеріп, осалдық танытқандарын қайта емтиханнан өткізеді. Тиісті тапсырмалар мен бағыт-бағдар береді. Маңғыстау бойынша Опорная станциясынан әрі қарай Шалқарға, бергі шеті Қарақалпақстанға дейін, бір жағы Ақтау, теңіз порттарына, енді бір ұшы Түркіменстанмен шекара Болашаққа дейінгі аумақты алатын телімде 15 мекемеге қатысты қозғалыс қауіпсіздігінің мүлтіксіз сақталуын бақылайтын ревизорлардың әрқайсысының бекітілген міндеті бар. Біреуі қозғалысты, екіншісі тепловоз шаруашылығын, үшіншісі жол шаруашылығын қадағалайды.

Суретті түсірген автор

КӨМІР ТАСЫМАЛЫ ЕРТЕ БАСТАЛДЫ



ӘЛЕУМЕТТІК ЖҮК

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Бүгінгі таңда облыстық әкімдік «ҚТЖ» «ҰК» АҚ-ның Семей ЖТ бөлімшесі филиалымен бірлесіп, көмір жеткізу кестесін келісіп жатыр.

– Күзгі қарбаластың алдын алу үшін аймақтағы барлық әлеуметтік нысандар, атап айтсақ білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және тағы басқалар, сондай-ақ шағын қазандықтар көмір жеткізу бойынша қазірден бастап тапсырыстар беруде. Себебі, осы мақсаттарға бюджеттік қаржыландыру көзделген. Бұл бізге зор жауапкершілік жүктеп, жазғы көмір тасымалын ширату міндеттейді, – дейді жетекші инженер Айтолқын Мұхамедиярова.

Семей ЖТ бөлімшесінің логистика және жүк тасымалын ұйымдастыру бөлімі мамандарының айтуынша, қазіргі уақытта аймақ бойынша көмірді теміржол арқылы жеткізу автомобильге қарағанда әлдеқайда арзанға түсіп отыр. Бұл қатты отынның өзіндік құнын төмендетеді және алыспастарлықтың алдын алады әрі ең маңыздысы – баға тұрақтылығын қалыпты деңгейде ұстайды. Осы себептен де атқарушы биліктің ықпалымен қатты отынды жылдағыдан ертерек жеткізу шаралары жоспарланып, тапсырыс берушілер саны күрт артқан.

Қазіргі күні қысқы көмірмен қамту бойынша тек жылу беру орталықтары ғана емес, ірі кәсіпорындар мен еңбек ұжымдарымен облыстық әкімдік және көмір жеткізушілер арасында келіссөздер жүргізіліп жатыр. Алдағы уақыттарда іргелі мекемелер өз қызметкерлеріне көмірді «жалақыға», яғни одан әрі бөліп-бөліп сатып алуға мүмкіндік

Семей ЖТ бөлімшесі бойынша биыл жазғы көмір тасымалы жылдағыдан ертерек басталды. Қазірдің өзінде аймақтағы барлық көмір қоймаларында жалпы саны бес мың тоннадан астам қатты отынның қоры бар. Дегенмен осы айда көмір тиеу мен жеткізу ісі ширатыла түспек.



бермек. Бұл жаңашыл шара да қоймаға түсетін көмірдің жылдан таратылып кетуіне жол ашатындықтан көмір жеткізу жұмысы кедергісіз жүргізілуі керектігін міндеттей түседі.

Тағы бір мәселе, осыған дейін хабарлағанымыздай, алдағы тамызға қарай барлық әлеуметтік нысандар көмірмен толық қамтамасыз етілуі тиіс. Осы орайда, Семей ЖТ бөлімшесіне түсетін жүктеме арта түсуде. Атап айтар болсақ, «Қаражыра» көмір кенішінде, Дегелең станциясында ашық вагондардың бос тұрып қалуына жол бермей, тиеу мерзімдерін сақтау шараларына басымдық беріледі. Қазіргі таңда Семей ЖТ бөлімшесі бойынша аталмыш бағытта кешенді жұмыстар жүргізу ісі басталып кетті. Бұл ретте жергілікті теміржолшылар үшін кестеден ауытқу жоқ және әзірге тосын кедергілер туындамаған. Қазіргі күннің өзінде вагон жетіспеушілігін шешу

мақсатында алдын ала кешенді іс-шаралар қабылданған. Сол себептен де, Дегелең станциясы мен Жаңа-Семей жүк станциясында жұмыс қауырт. Дегенмен, ахуалдың қаншалықты күрделі екендігі келергі айда анық байқалатын болады.

Бөлімшенің логистика және жүк тасымалын ұйымдастыру бөлімі мамандарының есебіне аймақтағы көмірдің қажеттілігі бір жылу маусымына 3 900 000 тоннаны құрайды. Ал бүгінгі күндері Дегелең станциясындағы тоқтаусыз техникалық процесс қажеттілікті толықтай қамтуға жол аша түспек. Осы ретте, Жаңа-Семей, Семей және Өскемен-1, Аяғөз станцияларына қарасты әрбір теміржол тұйығының тәулігіне 17-19 вагон көмір түсіруге мүмкіндігі бар екенін, ал бұл әлеуметтік көмірді есептегенде, қатты отынға қойылған кезекті аз уақытта еңсеруге болатынын айқындай түседі.

Суретті түсірген автор

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ – КӘСІБИ ҚАЖЕТТІЛІК



СЕМИНАР

Ақтөбе магистральдық желі бөлімшесінің Ақтөбе электрмен жабдықтау дистанциясы қызмет көрсететін Әйтеке би ауданында көшпелі оқу-жаттығу, тәжірибе алмасу семинарын өткізді.



Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Ауданның оқу-жаттығу алаңында өткен семинарға дистанцияның барлық станциядағы өкілдері қатысты. Қауіпсіздік пен еңбекті қорғауды күшейтіп, қызметкерлердің біліктілік деңгейін арттыруға бағытталған шара кезінде жоғары желілік ток көздерімен жұмыс барысында қауіпсіздікті сақтау тәртібі көрсетілді.

Атап өтерлігі, Ақтөбе ЭЧ мекемесі бекерден бекер таңдап алынбаған. Өйткені, дистанцияда бірнеше жылдан бері оқыс оқиға тіркелмеген. Өткен жылдың төрт тоқсанында да жақсы көрсеткішке шығып, Компания тарапынан қызметкерлер ақшалай қолдауға ие болды. Ұжымдағы жетістікке толы жұмыстар биыл да жалғасын тапты. 2022 жылдың бірінші тоқсанында жақсы нәтижемен аяқтап, алтыншы орын мінберінен табылған ақтөбелік энергетиктер тағы да сыйақыға қол жеткізді.

– 2022 жыл – еңбек қорғау және қауіпсіздік жылы деп жарияланды. Семинардың мақсаты – қызметкерлердің қауіпсіздігін сақтауға бағытталған жұмыстарды күшейту. Қазір жазғы жұмыстардың басталып жатқан кезі. Оқу-жаттығу шарасы, тәжірибе алмасу арқылы әр цехтың қауіпсіздік құралдарын қолдану дайындығы бақыланады. Қауіпсіздіктің сақталуы – біздің басты жетістігіміз, – деді Ақтөбе электрмен жабдықтау дистанциясының бастығы Сәкен Орынбаев.

Семинар барысында Әйтеке би электрмен жабдықтау бөлімінің бастысы Нұрбол Жанділдаев рационализаторлық ұсыныс негізінде ойлап табылған трансформаторды көтеру-түсіру қондырғысының мүмкіндіктермен таныстырды. Салмағы жеңіл, қолдануы ұзақ уақытты алмайтын көтергішті Әйтеке би бөліміндегі электр механигі Айбек Бекжанов ойлап тапқан. Монтерлар осыған дейін трансформаторларды көтеруді

бірнеше адам жасап, ұзақ уақыт алатын. Ал жаңа рационализаторлық жобамен трансформаторды түсіру жұмысын бір адам жасай алады. Салмағы жеңіл. Бағананың кез келген жеріне қолдану оңай. Бұл көмекші құралдың жасалу жолы, пайдалану тәсілі басқа цехтың қызметкерлеріне түсіндірілді. Және оның мүмкіндіктері жаттығу кезінде көрсетілді.

2004 жылдан бері жұмыс істеп тұрған Әйтеке би электрмен жабдықтау бөлімінде 16 адам еңбек етеді. Шағын цехтағы өнертапқыштың жетістігіне әріптестері оң баға берді. Оларға трансформаторды түсіру, қайта көтеру, ақауды қалпына келтіру жұмыстары және тоққа түсіп қалған адамға 4 минуттың ішінде көмек көрсету шеберлігі көрсетілді. Бұл тәсілді барлық цех мамандары жасап шықты.

– Дистанция бірнеше жыл жарақаттану оқиғаларына жол бермей жұмыс істеп келеді. Биылғы 5 ай қорытындысы бойынша да электрмен жабдықтау бөлімінде жазатайым оқиғалар орын алған жоқ. Жазатайым оқиғалар, әдетте қызметкерлердің тәжірибесіздігінен немесе керісінше тәжірибелі мамандардың өзіне тым сенімділігінен болады. Электр тоғы қауіпті, себебі ол көрінбейді, иіссіз, түсі жоқ және біздің сезім мүшелерімізбен анықталмайды. Сол себепті еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелерін қатан сақтау талап етіледі, – деді еңбекті қорғау жетекші инженері Руслан Жолдыбаев.

Суретті түсірген автор

Қорытынды

АЛҒАШҚЫ ҮШТІК ҚАТАРЫНДА

Сексеуіл станциясында бес айдың жұмысын қорытындылаған тораптық жиын өтті. Онда пойыздар қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесіне қатысты жұмыстар ширатылды. Сондай-ақ бұған дейін жіберілген кемшіліктердің қайталанбауы үшін іс-шараларды күшейту жайы сөз болды.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Сексеуіл

– Биылғы қозғалыс қауіпсіздігіне байланысты аймақтағы ахуал өткен жылмен салыстырғанда төмен, кемшіліктер жоқ емес. Дегенмен жүк тасымалдау қорытындысы бойынша 14 бөлімше ішінде алғашқы үштік қатарындамыз. Әрине, бұл – ұйымшылдық танытқан ұжымның ортақ еңбегінің жемісі. Қазір бізді алаңдатап отырған негізгі мәселе – қозғалыс қауіпсіздігін сақтау. Осы бағытта жұмыстануымыз керек. Бүгінгі жиынға осы мәселеге жауапты теміржол саласының мамандарымен қатар көлік прокуратурасының өкілдері де қатысып отыр. Мақсат біреу, ол – қауіпсіздікті сақтауда туындап отырған қиыншылықтар мен кедергілерді бірлесіп шешу, оңтайлы жолын қарастыру, – деді «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Батыс» филиалы Қызылорда қосалқы бөлімінің бастығы Батырхан Базарбаев.

Бұдан кейін сөз алған көлік прокуроры Еркебұлан Лесбеков, «Қазкөліккәсіп» филиалының төрағасы Бауыржан Ахметов, қауіпсіздік бөлімінің бастысы Бекжан Өтеулиев, Сексеуіл станциясының бастығы Сапарғали Салмаев, Сексеуіл локомотив пайдалану депосы бастығының орынбасары Еркебұлан Аяғанов өз салалары бойынша кемшіліктердің қайталанбауы үшін атқарылып жатқан жұмыс барысымен бөлісті. Өз кезегінде, көлік прокуроры жаңа телім бойыншағы 9 станцияның маусым айынан бастап біріктірілген жүйемен жұмыс жасауға ауыстырылуына байланысты 20 шақты теміржолшының жұмыссыз қалуы және осы мәселенің оң шешілуін назарға алу керектігін өңір басшылығына ескертті. Ал ұжымдық шартқа қатысты түсініктеме берген «Қазкөліккәсіп» ҚБ Қызылорда филиалының төрағасы Бауыржан Ахметов, жаз маусымында теміржолшылар шипажайларға барып денсаулығын сауықтырып жүргенін, ал денсаулығына байланысты ем алуға ақшалай көмек айлық табысы 150 АЕК-тен аспайтын жұмысшыларға берілетінін және бұл жеңілдікке ие болғандар ақшалай жәрдемақыны қалаған шипажайда денсаулығын сауықтыруға жұмсай алатынын жеткізді.

ОТКРЫТО О ГЛАВНОМ



СЕМИНАР

Сохранность перевозимых грузов, планирование перевозок, тарифная политика и информатизация стали главными темами семинара в Алматы, организованного в рамках Плана мероприятий, направленных на усиление профилактической работы по безопасности движения.

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Встреча объединила работников департамента безопасности движения АО «НК «КТЖ», Дирекции автоматизации и цифровизации, ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», инженерно-технический состав отделения ГП и грузового хозяйства Семейского, Алматинского, Жамбылского, Шымкентского отделений ГП, коммерческих ревизоров.

Открывая семинар, заместитель директора Алматинского отделения ГП Адиль Рахметжанов отметил, что грузовая и коммерческая работа занимает важное место в эксплуатационной деятельности железной дороги и включает комплекс вопросов, связанных с перевозочным процессом, с его начальными и конечными операциями – погрузкой и выгрузкой, с организацией прогрессивных видов перевозок – контейнерных и маршрутных.

В свою очередь главный менеджер департамента по безопасности движения АО «НК «КТЖ» Руслан Молдагалиев ознакомил участников с показателями безопасности движения поездов с начала текущего года, остановился на

проблемных вопросах, требующих решения. Исполнительный директор по планированию перевозок ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Нуржан Кельбуганов доложил о грузовой работе. Директор департамента коммерческой работы с грузами Болат Сулейменов привел случаи нарушения безопасности движения за четыре месяца текущего года и заострил внима-

документов по грузовой и коммерческой работе, телеграфным указаниям перевозчика, предоставлен анализ состояния безопасности перевозок и сохранности перевозимых грузов.

На семинаре прозвучало, что растущие объемы перевозок грузов требуют эффективной работы грузового хозяйства, подъездных путей, внедрения передовых

комиссии. По мнению участников, нужно рассмотреть возможность внесения дополнения в договор закупки услуг по охране имущества (услуг по военизированной охране объектов, грузов и материальных ценностей) между ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» и ТОО «ВЖД» следующий пункт: «В случае несохранной перевозки в пути следования, допущенной по вине работников военизированной охраны (выгрузка, перегруз груза, просчет по местам и другой работы), производит компенсацию за счет ТОО «ВЖД». Кроме того, разработать систему оповещения при хищении, попытках хищения грузов и т.д. А в целях обеспечения бесперебойной работы в филиалах ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» (отделениях ГП) предложено установить график проведения комплексных ревизий.

Семинар прошел в режиме свободного микрофона – каждый участник мог задать вопрос, внести предложения и поделиться опытом работы. Он станет большим подспорьем в работе по обеспечению безопасности движения поездов, сохранности грузов, таможенного оформления и планирования перевозок.

Фото автора

ПРОВЕДЕН ПОЛНЫЙ ОБЗОР НОРМАТИВНО-ПРАВОВЫХ ДОКУМЕНТОВ ПО ГРУЗОВОЙ И КОММЕРЧЕСКОЙ РАБОТЕ, ТЕЛЕГРАФНЫМ УКАЗАНИЯМ ПЕРЕВОЗЧИКА, ПРЕДОСТАВЛЕН АНАЛИЗ СОСТОЯНИЯ БЕЗОПАСНОСТИ ПЕРЕВОЗОК И СОХРАННОСТИ ПЕРЕВОЗИМЫХ ГРУЗОВ.

ние на вопросах безопасности в грузовом хозяйстве, озвучив комплекс проведенных в этом направлении работ.

Участники обсудили вопросы автоматизации процессов грузовой и коммерческой работы, тарифной политики, сохранности перевозимых грузов, причины убытков, задержек поездов, а также нарушений оформления документов, порядок расследования и т.п. Проведен полный обзор нормативно-правовых

технологий, постоянного совершенствования перевозочного процесса, четкой и слаженной работы по организации грузовых и коммерческих операций и усиления контроля за состоянием груза, вагонов, контейнеров при роспуске с сортировочных горок в части крепления, сдвига груза.

Принято решение включить в протокол временную технологию взаимодействия с КНР Казахстанско-Китайской пограничной железнодорожной смешанной

задача – доведение до жителей города правил поведения вблизи железной дороги.

Изготовлены и вывешены в парках станции баннеры с напоминанием «Железная дорога – зона повышенной опасности!», плакаты «Хождение по путям запрещено!», предупреждающие аншлаги, так как опасный пункт на железной дороге – не только движущийся подвижной состав, но и высоковольтная контактная сеть, напряжение в которой составляет 27 500 тысяч вольт.

– В преддверии школьных каникул проведены лекции и разъяснительные беседы о правилах безопасного нахождения на путях, перехода через них, об опасности поражения высоким напряжением контактной сети, о правилах поведения при обнаружении подозрительных лиц и предметов, – рассказал директор Павлодарского отделения ГП Мухтар Жамбулов. – Организована работа по недопущению детей на территорию станции, катанию на поездах, подъема на крышу вагонов, прохода под вагонами. Снят видеосюжет о безопасности граждан на железной дороге, о принимаемых мерах по недопущению несчастных случаев на путях.

Железнодорожники напоминают, что только строгое соблюдение правил нахождения в зоне повышенной опасности, проезда и перехода через пути позволит свести до минимума возможные несчастные случаи и их последствия.

Фото Александра ЖАБЧУКА



ОСТОРОЖНО, ПОЕЗД!



МЕСЯЧНИК

В филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Павлодарское отделение ГП» продолжается месячник «Железная дорога – зона повышенной опасности!».

Жанара ЖУСУПОВА,
Павлодар

Несмотря на то что работниками стальной магистрали, в том числе и руководством филиала, станций, ведется

постоянная работа по профилактике случаев наезда подвижного состава на посторонних людей и скот, положение на сегодняшний день остается тревожным. Цель месячника – профилактика травматизма на железнодорожных объектах,

ПРОФИЛАКТИКА ДАЕТ РЕЗУЛЬТАТ

В ходе месячника «Железная дорога – зона повышенной опасности» в преддверии школьных каникул уральские железнодорожники совместно с линейным отделом полиции по станции Уральск провели профилактические беседы с учащимися школ, прилегающих к железной дороге. В частности, в школе-лицее №35 только за один день беседы проведены в 5-, 9- и 10-м классе с общим охватом 150 школьников.

Яна ЛЕНИНА,
Уральск

Анализ показывает, что большинство несчастных случаев с детьми происходит во время школьных каникул.

– Самой распространенной причиной травматизма на железной дороге является хождение по путям, переход в неустановленных местах. От машинистов поездов поступают тревожные сигналы, из-за чего они вынуждены применять экстренные торможения. Бывают случаи, когда невозможно предотвратить наезд на человека, – отметила инженер по охране труда станции Уральск Гульдана Жамалова. –



Необходимо помнить, что поезд остановить сразу невозможно. Чтобы избежать трагедии, нужно соблюдать правила нахождения на железнодорожных путях.

Она привела в пример три не-

давних случаи, когда подростки во время селфи на железной дороге получили травмы или погибли.

В конце беседы инструктор по обучению локомотивных бригад Уральского эксплуата-

ционного локомотивного депо Роман Бойко в каждом классе провел блиц-опрос по теме. Лицеисты охотно отвечали, почему запрещается пролезать под вагонами, перебежать путь перед движущимся составом, стоять близко к краю платформы, прыгать с пассажирской платформы на железнодорожный путь, цепляться за поручни проходящих поездов с целью «прокатиться с ветерком», устраивать подвижные игры вблизи железнодорожного пути и подниматься на крышу железнодорожного состава. Дети дополняли ответы примерами из своего опыта, задавали вопросы железнодорожникам.

– Мы тесно сотрудничаем с железнодорожными предприятиями Уральска и ЛОП, вопросы безопасности – в приоритете, беседы на эти темы проходят в нашем лицее ежемесячно, поэтому инцидентов с нашими учащимися на железной дороге не бывает, – сказала заместитель директора лицея по воспитательной работе Галина Искакова.

Фото автора

ГОТОВЫ ВЫПОЛНЯТЬ ЗАДАЧИ

Айлин БАУРЖАН,
Нур-Султан



101

В регионах страны начался пожароопасный сезон. Дислоцирующиеся в границах Акмолинской области пять пожарных поездов находятся в постоянной готовности к срочному выезду.



Каждый состав состоит из вагона-насосной станции и двух цистерн-водохранилищ вместимостью по 50 тонн. Имеются также средства связи, электростанция, мотопомпы и пенообразователь, который используется при тушении горючих жидкостей.

– Участок обслуживания НПОЖ-1 расположен в границах Акмолинской, Северо-Казахстанской, Костанайской областей и города Нур-Султан. Общая протяженность участка – 2 102 километра, – рассказал начальник негосударственной противопожарной службы АО «НК «КТЖ» Акмолинского отделения магистральной сети Айдын Байжокин.

На сегодняшний день в штатной численности службы состоят 96 человек, из них ПП Кокшетау – 16, Курорт-Боровое – 16, Жана-Есиль – 11, Атбасар – 12, Нур-Султан – 18, инспекторов по пожарной профилактике – 11, диспетчеров ЦППС – 9, руководителей – 3.

– Всего с начала года пожарные поезда семь раз выезжали на ликвидацию пожаров, – отметил Айдын Байжокин.

Для отработки навыков и алгоритмов действий в чрезвычайных ситуациях личный состав принимает участие в гарнизонных пожарно-тактических учениях с привлечением пожарных подразделений ГУ СП АСР и формирований структурных подразделений предприятий железнодорожного транспорта. С начала года личный состав пожарных поездов принимал участие в десяти учениях по ликвидации условных возгораний в производственно-технических зданиях, специальном подвижном составе, в полосу октября.

Пожарные поезда постоянно находятся в полной боевой готовности и готовы выполнять поставленные задачи по ликвидации ЧС и пожаров.

Фото автора

КАК ОБ СТЕНУ ГОРОХ

Анна ПАНИЦЕВА,
Уральск



АКТУАЛЬНО

Пассажирским поездом №57 сообщением Нур-Султан – Уральск 28 мая на 1 295-м километре перегона Уральск – Жилаево произошел наезд на 33-летнего пешехода с летальным исходом. Мужчина переходил железнодорожные пути в неположенном месте.



Трагедия произошла утром при хорошей видимости. Пассажирский поезд, состоящий из 17 вагонов, шел со скоростью 57 километров в час, что меньше допустимой на данном участке. Предупреждающие сигналы локомотива и экстренное торможение не помогли избежать столкновения. Ведется досудебное расследование по части 2 статьи 344 УК РК «Нарушение правил безопасности движения или эксплуатации железнодорожного транспорта, повлекшее по неосторожности смерть человека».

Между тем железнодорожники совместно с линейной полицией и транспортной инспекцией регулярно ведут профилактическую работу с населением. На всех необходимых по стандарту местах установлены предупреждающие знаки, надписи и аншлаги, регулярно ведется звуковое оповещение с напоминанием правил безопасности на железной дороге, проводятся рейды и беседы с жителями жилых массивов, прилегающих к железной дороге. Буквально накануне в районе деповского моста прошел совместный с линейным отделом полиции по станции Уральск рейд, в ходе которого раздали 40 постеров на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности», а пять человек получили предупреждение по ст. 559 ч.5 КоАП РК.

Надо сказать, что перегон Уральск – Жилаево является настоящей головной болью для железнодорожников и ЛОП: здесь жилая многоэтажная застройка тесно прилегает к железнодорожным путям, рядом проходит автотрасса с остановками пассажирского транспорта. Без надежного ограждения и надземных или подземных переходов привычка населения перебежать дорогу перед идущим транспортом в неустановленных местах не искоренить.

Фото автора

№42 (2757) 07/06/2022

ТЕПЛОВОЗДЫҢ АҚАУЫН АНЫҚТАУШЫ



Локомотив пайдалану депо-ларында ТҚК-2 сервисін көрсететін слесарьларды тепловоздардың «жан дүниесін» танытын мамандар десе болады. Олар ақауды анықтаумен қатар ұсақ-түйектерін өздері жөндей береді. Сондай қызметтің басы-қасында жүрген тәжірибелі теміржолшылардың бірі – Астана локомотив пайдалану депосының ТҚК-2 ауысым шебері Марат Нұрмағанбетов.



Райхан РАХМЕТОВА,
Нұр-Сұлтан

Петропавлда туғанмен елордада теміржол колледжінде білім алып, қазіргі қосымда алғаш еңбек жолын слесарь болып бастаған Марат Нұрмағанбетовтің салада жұмыс істеп келе жатқанына биыл 14 жыл. Қарамағындағы 15 шақты слесарьдың жұмысын қадағалап, күніне цехқа «қара-луға» келетін локомотивтердің, соның ішінде негізінен электро-

воздардың ақауын анықтауда ол ауысыммен жұмыс жүргізеді. Бүгінгі деңгейге жеткенге дейін слесарь ретінде тепловоздардың құрылысын үйреніп, саланы терең меңгерген ол 2015 жылы бригадир болып тағайындалды. – Біздің жұмыстың ретіне келсек, алып техниканың тежегіш қалпын ауыстырамыз, құм құямыз, майын жаңартамыз,

сосын аппарат жағынан, контакт бойынша құрылғыларды тазалап, автоматтардың да ақауы болмауын қадағалаймыз, тартым қозғалтқышын, тағы да басқа бөліктерді қараймыз, күрделі ақау шықса, ТҚК-3,4 сияқты басқа күрделі жөндеу цехтарына акт толтырып, жі-

береміз. Цехқа күніне шамамен кезекті рейске шыққалы тұрған 10 шақты тепловоз кіреді. Барлық жұмыстың нәтижесі бойынша ауысым соңында депо бастығына есеп береміз. Жұмысымыз аса қиын деп айта алмаймын, ал жауапкершілік өте жоғары. Сәйкесінше, жұмыс беруші тарапынан да бізге барлық еңбек жағдайы жасалған, зиянды жұмыс болғандықтан, сүт беріледі, киімдеріміз түгел, жуынып-шайынатын, тамақтанатын орындарымыз керек-жарақпен жабдықталған, – дейді ол.

Теміржолшылар отбасынан шыққан кейіпкеріміз әке-шешесінің жолын қуып, теміржолшы болғанына еш өкінбейді. Өйткені, өз кәсібін жақсы көреді және шебер меңгерген. Оның еңбегі еш уәзіз қалмай, талай рет құрмет грамоталарымен және алғыс хаттармен марапатталған.

Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК

БАЛАЛАРҒА ҚУАНЫШ СЫЙЛАДЫ

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Батыс» филиалының кәсіподақ комитеті балаларды қорғау күніне орай ұйымдастырылған байқауды қорытындылады.



«Батыс» филиалы халықаралық балаларды қорғау күніне орай сурет байқауын жыл сайын ұйымдастырады. Дәстүрлі шара биыл да қолға алынды. Теміржолшылардың отбасынан шыққан 300-ден аса бала мерекелік іс-шараға шақырылды. Оның ішінде 19 мүмкіндігі шектеулі балаға материалдық көмек көрсетілді. Теміржолшылар балаларға ме-

рекелік көңіл күй сыйлау үшін облыстық «Алақай» балалар театрының ұжымын шақырып, аниматорлар әртүрлі қойылымдар ұйымдастырды. Байқауларда ерекше көзге түскен жеңімпаздар мақтау қағаздарымен және сыйлықтармен марапатталды. Қалғандарына жұбаныш сыйлықтары табыстылды. *Ардақ ЕРҮБАЕВА, Ақтөбе Суретті түсірген автор*

Спорт

НА СТАРТ, ВНИМАНИЕ, МАРШ!

На минувшей неделе в Павлодарском высшем колледже электроники и коммуникаций прошли веселые старты, посвященные 30-летию отраслевого профсоюза и 25-летию НК «ҚТЖ».

В юбилейных стартах, которые организовали председатель Павлодарского филиала «Казпрофтранс» Рафаил Сабаров и инструктор по спорту Наталья Мартынова, приняли участие четыре команды: станции Павлодар, НЖС Павлодар, ПЧ-30 Екибастуз и ШЧ-24 Екибастуз.

Состязания прошли на поле Павлодарского высшего колледжа электроники и коммуникаций. Железнодорожники тинули канат, бросали баскетбольный мяч в кольцо, играли в дартс, крутили обруч, преодолевали дистанции на скакалках, с мячами в руках. Девушки мерились силами в мужских видах спорта, а парни – в женских. В итоге победила команда НЖС.

– Наша цель – пропагандировать здоровый образ жизни среди железнодорожников, укреплять их здоровье, снижать заболеваемость, быть всегда в движении. К тому же таким полезным способом отметили две значимые для нас даты, – сказал Рафаил Сабаров. *Айдана ЕРТАЙ, Павлодар*

ЖЕЛҰЯҚ ТЕМІРЖОЛШЫ

Ақтөбе өңірінің желаяқ теміржолшысы 68 жастағы Жұмабай Отарғалиев, өзі замандас қала тұрғындарының арасында өткен жарыста 21 шақырым қашықтыққа жүгіруден екінші орын иеленді.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС «Батыс» аймақтық филиалының басшысы Бөріхан Беркімбаев ардагер теміржолшыны арнайы шақырып, құрмет көрсетті. Әрдайым салауатты өмір салтын ұстаып, қоғамдық жұмыстарға, қала өміріне белсене қатысып жүретін ел ағасына алғыс жаудырды. Ақтөбеде қала күніне орай өткен марафонда жүлделі орын

алған Жұмабай ағамыз тек жүгіруден жарысқа ғана емес, велошеруге де қатысты. Қаланың бақ даңғылдарымен жүріп өткен велосипедшілер салауатты өмір салтын насихаттап, зейнеткерлер жастарға үлгі болды.

«Жүгіру де, велошеру де қиын болмады. Себебі мен спортпен тұрақты айналысып жүрмін. Велосипедімді 2017 жылы сатып алдым.



Ардақ СЕРДАЛЫ, Ақтөбе Суретті түсірген автор

БАСКЕТБОЛДАН БАҚ СЫНАСТЫ

Ел шығысында теміржолшылар баскетболдан кезекті бөлімше біріншілігін аяқтады. Оған барлығы 6 команда қатысты.

Бұл жолғы сайысқа кіл мықты командалар жиналған болатын. Олардың көпшілігі бұрынғыда да бір-бірімен бәсекелес болғандықтан, аталмыш чемпионатқа есе қайтару үшін жоғары даярлықпен келді. Әуелгі топтық кезең өзара күш байқасып, қарымта алмасумен өтті. Финал барысында үздік үштіктен дәмелі командалар барын салды. Үшінші орын үшін бақ сынасқан Жаңа-Семей мен Семей станциялары командаларының ойындары барынша қызу өрбіді. Қос команда көпке дейін есеп аша алмады. Әйтсе де, ойынның шешуші сәттерінде Семей станциясының ойыншылары ұтқырлық танытып, ұпай жинап алды. Нәтижесінде семейлік қозғалысшылар ұтып кетті. Соңғы сында ПЧ-39 бен НЖС-6 командалары бірінші және екінші орындарды өзара сарапқа салды. Бұл



ойында жолшы жігіттер шапшаңдық пен шеберлік танытып, қарсыластарын қапы қалдырды. Сөйтіп, бас жүлдені осыған дейінгі түрлі спорттық сайыстарда бәйгені бермей жүрген Семей жол дистанциясының құрыш білекті жігіттері жеңіп алса, екінші орын мінберінен Семей НЖС ойыншылары табылды. Ал жүлделі үшінші орынды Семей станциясы иеленді. *Қуан ЕРТАЙ, Семей Суретті түсірген автор*



ПОБЕДИЛИ ЛУЧШИЕ

На стадионе «Локомотив» станции Караганда-Сортирочная прошла XVII летняя спартакиада среди железнодорожников на приз Карагандинского филиала «Казпрофтранс», приуроченная к 30-летию профсоюза.

Более 170 железнодорожников со всего региона собрались, чтобы продемонстрировать свое мастерство в различных видах спорта.

На параде открытия выступили директор Карагандинского отделения грузовых перевозок Марат Ибраев, председатель Карагандинского филиала «Казпрофтранс» Яхия Альмусин, чемпион мира по самбо, член сборной команды ЭЧ Караганда Рахат Жанниет, председатель первичной организации профсоюза филиала ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» Галы Ермекебаев. Они пожелали участникам успехов и побед.

Соревнования начались с легкоатлетического забега на 800 метров для мужчин и 400 для женщин. Затем железнодорожники показывали свои интеллектуальные способности – сыграли



в шахматы. С интересом следили болельщики за игрой в теннис, а также пляжный волейбол. – За два дня команды сплотились, проявляя корпоративный дух, единение и солидар-

ность, – подчеркнул инструктор по спорту Тагат Аймаңбетов.

По итогам легкоатлетического кросса третье место заняла команда АО «ВЖД», второе место – команда ЭЧ Караганда, первое место – ВЧД Караганда. В шахматной игре третье призовое место досталось команде ЭЧ Караганда, на втором – ШЧ Караганда, победитель – аппарат НОД ГП.

В настольном теннисе третье место заняла дружная команда узла Жанаарқа, второе – узел Акадыр, на первом месте – ТЧЭ Караганда.

В пляжном волейболе все команды отлично подготовились, но среди них все же оказались лучшие. Третье место присудили команде АО «ВЖД», второе – ПЧМ Акадыр и первое – команда ТЧЭ Караганда.

Согласно суммарным показателям, третье общекомандное место занял аппарат НОД ГП, второе – команда ЭЧ Караганда. А по традиции чемпионском спартакиады стала лидер всех турниров и соревнований – команда Карагандинского эксплуатационного депо.

Все команды-победители получили кубки и призы от Карагандинского филиала «Казпрофтранс».

Светлана МОГАЙ, Караганда Фото автора

САМЫЙ ВАЖНЫЙ ПОДАРОК

Сотрудники Костанайского филиала ТОО «Военизированной железнодорожной охраны» несколько лет назад взяли шефство над двумя сиротами – братьями-близнецами Артемом и Никитой Кондратьевыми.

Как сообщил председатель профсоюзного комитета Костанайского филиала ТОО «Военизированной железнодорожной охраны» Орал Айткенов, братья являются воспитанниками КГУ «Детская деревня семейного типа «Жануя». С 2014 года работники филиала собирают их в школу, дарят подарки на Новый год и к другим праздникам.

По инициативе руководства сотрудниками филиала ежегодно перечисляются денежные средства на специальный счет, где копится сумма для приобретения жилья братьям-близнецам. Такой щедрый подарок делает сиротам далеко не каждая организация. В рамках празднования Международного дня защиты детей директор филиала Олжас Мырзахметов и председатель профсоюзного комитета Орал Айткенов



со своими работниками выехали в Детскую деревню, где подарили семье братьев мультиварку и сообразили об очередном зачислении денег на специальный счет.

Кстати, в тот же день в честь празднования Дня защиты детей Костанайским филиалом ТОО «ВЖД» для детей работников филиала проведены «Веселые старты», по итогам которых им вручены призы и памятные подарки. Детей поздравили директор филиала и председатель профсоюзного комитета. *Аслан КУДАБАЕВ, Костанай Фото автора*

ЛЕТО НАЧАЛОСЬ ЯРКО

Первичные профсоюзные организации ОО «Казпрофтранс» продолжают радовать детей железнодорожников.



Не забыли о том, что лучшим из искусств является кино, в Кумыстауской дистанции пути. 4 июня представители профкома и руководства привезли ребят из города Серебрянск в кинотеатр «Юбилейный» Усть-Каменогорска. По информации менеджера по персоналу Натальи Беликовой, его посетили 30 детей железнодорожников.

Руководство и профком АО «ДТ» тоже сводили детей своих работников в «Юбилейный» – на театральное представление. На станции Алтай провели экскурсию по рабочим местам родителей, которые трудятся как на самой станции,

так и на ПТО, подменном пункте Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо. Ребятам приготовили вкусный обед и развлечения. В Оскеменской дистанции сигнализации и связи провели конкурс «Мой ребенок – самый лучший!». Большое шоу для детей Семейского отделения грузовых перевозок по Защитинскому региону, Оскеменского эксплуатационного локомотивного депо, Оскеменского эксплуатационного вагонного депо устроили в Усть-Каменогорске – с приглашением аниматоров, художников по аквагриму. *Ольга УШАКОВА, Оскемен Фото Натальи БЕЛИКОВОЙ*



Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұл көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

Басылымның таралымы 20 000

Газет сейсенбі,
жұма күндері шығады.

Газет шығару және тарату қызметімен
«Қазақстандық салалық теміржол,

автомобиль, әуе және су келігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады. © «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдел басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Л. Ровба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:

Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқаншев 8-778-946-09-66
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Маңғыстау: Шахиджа Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Панищева 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Нәдрібаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могой 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Кудабаяв 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубаява 8-702-843-27-97

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.
тел: 8 (7172) 60-44-87, 60-44-88, 60-44-92

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және
бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық
агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың
30 шілдесінде №601 тіркеу күәлігі берілді.